

А.Е. Баербекова^{1*}, Ж.Д. Рапишева², Ж.С. Акишева³, А.Ю. Кишенова⁴

^{1,2}Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан;

³Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Алматы, Қазақстан;

⁴Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, Қарағанды, Қазақстан
(e-mail: ¹baerbekova.aliya@mail.ru; ²r_zhanar@mail.ru; ³z.akisheva@satbayev.university; ⁴ainur_18.10@mail.ru)

Қазақстан ұлттық концептосферасының құрамындағы «мемлекет» концептісінің жолдау мәтіндеріндегі тілдік көрінісі

Мақала Президенттің жыл сайынғы Жолдау мәтіндерінде «мемлекет» концептісінің берілуінің лексикалық құралдарын талдауға арналған. Концептінің дәстүрлі мазмұнын Жолдау мәтіндерінде көрсетілген идеялармен салыстыра отырып, авторлар Жолдауда қалыптасқан әлемнің тілдік бейнесінің ерекшелігін анықтайды. Сонымен қатар «мемлекет» сөзінің лексикалық тіркесімділігі талданған, «мемлекет» концептісінің Қазақстан, ел, Отан сияқты басқа концептілермен өзара қарым-қатынасы қарастырылған. Мақаланың басты мақсаты — Жолдау мәтіндеріндегі Қазақстан концептосферасындағы «мемлекет» концептісінің мазмұнын зерттеп, концептінің жұмсалып аясын танытатын ұғымдардың қолданылу сипатын ашу. Қазақ ұлттық концептосферасындағы негізгі концептінің бірі «мемлекет» концептісі тіліміздегі қалыптасқан «тәуелсіздік», «атамекен», «туған жер», «туған ел» «отан», «дала», «қазақ» концептілері тәрізді жалпыұлттық құндылықтарды таныта алады. Мақалада лексикалық бірліктердің семантикасын компоненттік, концептуалдық және контекстік талдау әдістері қолданылып, зерттеу материалы ретінде мемлекет лексемасы қолданылатын жыл сайынғы Жолдау мәтіндері, сондай-ақ қазақ тілінің түсіндірме, этимологиялық, түсіндірме саяси және басқа сөздіктерінің материалдары алынды. Зерттеу нәтижесінде авторлар «мемлекет» концептісінің қазақ халқының ұлттық ділінде алатын орны маңызды екенін анықтайды.

Кілт сөздер: концепт, әлемнің тілдік бейнесі, «мемлекет» концептісі, Қазақстан концептосферасы, сақа мемлекет, Президент Жолдауы.

Кіріспе

Адамзат әрқашан әлемді, қоршаған ортаны зерттеп, ондағы өзінің орнын табуға, оны танып-білуге талпынады. Бұл адамның тікелей танымымен байланысты. Сол танып-білгенін тіл арқылы жеткізуге тырысады. Тіл — адам санасының, адам танымының көрсеткіші. Тіл — адам қалыптастырған мәдениеттің негізі. Тіл — ұлттық ділдің беретін бейнесі.

Когнитивтік лингвистиканың негізгі зерттеу объектісі таным болып табылады. Ал таным тікелей концепт терминімен байланысты. Концептілер адам танымында әлем бейнесін бейнелейтін жадымыздың мазмұнды бірліктері болып табылады.

Когнитивтік лингвистика өкілдерінің айтуынша, әрбір тіл белгілі бір ұғымдар жүйесін білдіріп, соның арқасында ана тілінде сөйлейтіндер сыртқы әлемнен келетін ақпарат ағынын қабылдай алады, құрылым жасай алады, жіктей алады және түсіндіре алады деп есептейді.

«Концепт» термині және оның «лингвокультура», «логоэпистема», «мифологема», «ноэма» сияқты баламалары орыс тіл білімінде ХХ ғасырдың 90-шы жылдарында қолданыла бастады. Концептіні ғылыми тұрғыдан зерттеп, оны термин етіп тіл біліміне алғаш енгізген орыс ғалымдары Д.С. Лихачев [1], Н.Д. Арутюнова [2], В.А. Маслова [3], С.А. Аскольдов [4], А. Вежбицкая [5], Е.С. Кубрякова [6], В.В. Колесов [7] болып табылады. Ал қазақ тіл білімінде нақты концептілерді зерттеген М. Күштаева [8], А. Смайлов [9], М. Абдрахманова [10], Ж. Жанпеисова [11], Ж. Қошанова [12], А. Байғұтовалар [13] болды.

Қазіргі уақытта «концепт» терминін когнитивті лингвистикада ең жиі қолданылып жүрген ұғым ретінде танымыз. Дж. Лакофф өзінің «Когнитивное моделирование» еңбегінде, концептіні ойлаудың негізгі бірліктері болатынын айтса [14], А.С. Запесоцкий деген зерттеуші Д.С. Лихачев еңбектеріне сүйеніп, концептіні бейнелеуде тілдік құралдардың белгілі бір жиынтығын анықтауға негіз болатынын айтқан [15].

Бүгінгі орыс тіл білімінде концептуалды семантиканың семантикалық және логикалық бағыттары дамып келеді. М.М. Копыленконың пікірінше, «концепт» термині деконцептуалды

құбылыстарды да қамтиды [16, 44–45], Е.И. Диброваның пікірінше, концепт арқылы ойдың қиялдан ұғымға қозғалысы жүзеге асырылады [17, 133], М.В. Никитин концептіні түсінік пен ұғым арқылы сипаттайды [18, 267]. Семантикалық бағыттың өкілі С.А. Аскольдов-Алексеев концепт біздің ойлау үдерісімізде бір қатардағы көптеген объектілерді алмастыратын ойлау құбылысы деп түсінеді [4].

Сонымен, концепт — ділдік репрезентация, ол сөздің өзі ғана емес, сөзбен берілетін образ. Концепт күнделікті сөйлеуде, жазуда жиі қолданылатын мағыналардың жиынтық сипатын білдіреді. Концепт бірден сөздің мағынасынан туындамайды, сөздің сөздіктегі мағынасының адамның жеке және халықтық тәжірибесімен бірігуінің өнімі болып саналады. Концептіні анықтау үшін әлемнің ерекшеліктері мен белгілерін, материалдық құндылықтарын, олардың объектілермен байланысын, қызметі мен мақсатын, сипаты мен ұлттық сананы қалыптастырудағы маңызын айқындау қажет. Концептілік түсінікке ие болу үшін олардың белгілі бір ұлттың, халықтың бай тарихымен, мәдениетімен, дінімен, ділімен, тілімен байланысын қарастыру қажет. Бұл — ұлттық-мәдени контексті терең түсінуге қол жеткізудің бірден-бір жолы. Тілімізде ұлттың дінімен, салт-дәстүрімен, тілімен сабақтас ұлттық мәдениеттің мәні мен ерекшеліктерін көрсететін көптеген сөздер кездеседі. Ана тіліміздің сөздік қорының өте бай екенін ескерсек, әрбір сөз концепт дәрежесіне дейін көтеріліп, дами алады.

Ал енді логикалық бағыт өкілдері Ю.С. Степанов [19], Н.Д. Арутюнова [2], Е.С. Кубрякова [6] т.б. концепті мен ұғымды бірдей деп түсініп, оларды тепе-тең көреді. Ю.С. Степанов концепт пен ұғым бірдей құбылыс деп таниды («conceptus» сөзінің тікелей калькасы). Сондықтан концепт пен ұғым әртүрлі ғылымдардың термині: концепт — математикалық логиканың термині болса, кейінгі кездері мәдениеттануда да қолданылады [19, 42–44]. С.Г. Воркачевтің айтуынша, лингвоконцептілер басқа тілдерге аударылмайтын және сөздерден кейін жүретін семантикалық құбылыстар [20, 79].

Бір қарағанда кез келген сөздің лексикалық мағынасын концепт деп тануға болатын сияқты. Бірақ зерттеушілер кез келген сөздің тура лексикалық мағынасы когнитивтік шындықтан алыс, тар, жеткіліксіз, кейде тіпті дәл келмейтіндігін айтады. Кейбір зерттеушілердің ойынша, концепт өзінің мазмұны тұрғысынан образ ретінде де, ұғым ретінде де, символ ретінде де көрініс табады.

Біздің пайымдауымызша, концепт мағынамен де, ұғыммен де тепе-тең болмайды. Көптеген сөздіктер мен энциклопедияларда концепт ұғым не оның мазмұнын білдірумен тең деп көрсетіледі. Ұғым дегеніміз ойлауды қалыптастыруға қызмет ететін тілдің символдық және маңызды құрылымымен байланысты заттың әртүрлі кезеңдерінің объективті, идеалды бірлігі және ол қарым-қатынасқа тәуелсіз болады. Ұғым танымның тікелей нәтижесі, баспалдағы немесе кезеңі болады. Ал концепт сөйлеу арқылы жүзеге асады. Концептінің таза субъективті сипаты басым. Жад және елестету — бір жағынан дәл қазір және осы жерде ұғынуға бағытталып, ал екінші жағынан акті ретінде — осы шаққа негізделген жанның үш қабілетінің синтезі, концептінің ажырамас бөліктері.

Концептілер ұғымға қарағанда жай ғана ой арқылы көрінбейді, сонымен бірге адамның өз басынан өтеді. С.С. Неретина концепт — оқиға, ал «оқиғалар» — ұғым десе [21, 16], Л.А. Грузберг концептілердің эмоция, симпатия мен антипатия, кейде тіпті қақтығыстар болып есептелетінін атап өтеді [22, 128]. Концептімен салыстырғанда ұғымның құрылымы әлдеқайда қарапайым екенін түсінеміз. Ұғым негізінде мазмұндық құраушы басым болады. Сонымен қатар концептінің негізінде болатын барлық компоненттер ұғым негізіне кіре бермейді.

Осылайша, концептіге берілген анықтамалар әртүрлі екенін байқадық. Зерттеушілердің көбі оны мәдениетпен тікелей байланыстырса, кейбір ғалымдар негізгі деп тапса, енді біреулері қосымша деп қарастырады. Біздің ойымызша, концептінің негізгі ерекшелігі оның белгілі бір халықтың, ұлттың мәдениетімен, сол қоғамның мәдени тәжірибесімен байланысы болып табылады. Мәдениет өмірлік болмысты анықтайтын, барлық адамзатқа тән әлемдік бейнедегі ұғымдардың бірі екені белгілі. Солай бола тұра, бұл ұғымдар ұлттық көзқарастар мен мәдени ерекшеліктерден туындап, ұлттық бірегейлікті анықтау үшін қолданылады.

Мәдениетке қатысты концепті индивид пен оның өмір сүретін ортасы арасындағы байланыстырушы элемент рөлін атқарады, сондықтан оны зерттеудің маңызы зор. Мысалы, моңғол тілінің зерттеушілері С.Д. Гымпилова, Б.Ц. Гомбоев «Концепт «дом» в языковой картине мира монголоязычных народов» деген мақаласында бурят, қалмық, моңғол халықтарындағы «үй» концептісін сол халықтардың ұлттық мәдениетімен, ділдік ерекшелігімен сипаттай отырып, аталған концептіні сол халықтардың қоныстанған жерімен, шаруашылығымен, мәдени өмірімен тікелей байланыстырады. [23]. Л.И. Щелокова да «туған жер» концептісін соғыс жылдарындағы публицистика негізінде зерттей отырып, халық танымындағы ең қастерлі, ең қасиетті мекен — туған

жерді сол ұлттың танымындағы ерекшеліктер арқылы анықтауға тырысқан [24]. Нақты концептілерді қарастырған зерттеулер өте көп, олар түрлі аспектіде қарастырылады. Ал біздің мақаламыздың мақсаты Қазақстан концептосферасын құрайтын ең негізгі концепт «МЕМЛЕКЕТ» екенін Жолдау мәтіндерін талдау арқылы анықтау болып табылады.

Сонымен, концептілер белгілі бір мәдениеттің ажырамас бір бөлігі болып табылатын күрделі және маңызды түсініктер. Олар шектеулі, өйткені әрбір символдық атау концептіге айнала алмайды. Концептілер белгілі бір мәдениет үшін маңызы бар өзекті құбылыстарды бейнелейді және олардың құндылығын растайтын кең лексикалық байлыққа ие.

Зерттеу материалы мен әдістері

Мақалада семантикалық-когнитивті талдау әдісі арқылы тіліміздегі түрлі сөздіктердегі концепт бола алатын ұғымдардың мағыналары талданып, нақтыланды. Қазақстан, мемлекет, ел сияқты концептілерге компоненттік, контекстік және ассоциативтік талдаулар жүргізіліп, қазақ тіліндегі сөздіктер мен Президент Жолдаулары басты зерттеу материалы ретінде пайдаланылды. Зерттеудің негізгі дереккөзі ретінде Н.Ә. Назарбаев пен Қ.-Ж.К. Тоқаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауы алынды. Осы негізде кешенді концептуалды талдау әдісі пайдаланылды, себебі бұл әдіс концептілерді құрылымдау мен модельдеуді қамтиды, сондай-ақ концептінің семантикалық және прагматикалық компоненттерін талдау арқылы олардың мәдени сипатын ашуға мүмкіндік береді. Концепт тілдің әртүрлі деңгейлерінде көрінетін ділдік құрылым болғандықтан, оның тіркесімділік мүмкіндіктерін контексте талдау негізінде ғана анықтауға болады. Аталған әдісті қолданудың нәтижесінде тіл біліміндегі концепт ұғымы, оның ішінде Қазақстан концептосферасындағы «мемлекет» концептісінің аса маңызды әмбебап категория екені дәлелденді.

Нәтиже мен оның талқылануы

Зерттеуіміздің негізгі нысаны ретінде Н.Ә. Назарбаев пен Қ.-Ж.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларынан Қазақстан концептосферасын құрайтын «мемлекет» концептісі алынды. Мемлекет саяси жүйенің негізгі элементі ретінде гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардың негізгі зерттеу пәніне айналды. Философтар «мемлекеттің» саяси түсінігін нақтылаумен, мемлекеттің мәнін, шығу тегі мен мақсатын түсінуден ерте заманнан айналысқаны белгілі. Аристотельдің «Политика» еңбегінен бастап Платонның кемел мемлекет теориясы, Ж.Ж. Руссоның қоғамдық келісім теориясы, И. Канттың мемлекет туралы ілімі айтылған сөзімізге дәлел бола алады.

Қазіргі уақытта тарихшылардың, философтардың, саясаттанушылардың «мемлекет» түсінігін зерттеуге қызығушылығы сонау Қазақ хандығының құрылуымен және Тәуелсіздік жылдардағы Қазақстанның мемлекеттілігінің даму тарихымен байланысты екенін көреміз. Ал тілшілер мемлекет туралы идеялардың дискурсивтік құрылысы әртүрлі тілдердің материалы негізінде дискурстың әртүрлі түрлерінде қалай берілетінін зерттейді.

«Мемлекет» ұғымын ұғыну процестерін лингвокогнитивтік зерттеудің өзектілігі оның саяси дискурстың концептуалды жүйесіндегі маңыздылығына, сондай-ақ оның әлеуметтік құндылығына байланысты.

Адамзат атаулы мыңдаған жылдар бойы өмір сүріп келе жатқаны белгілі. Жеке адамдар тиісті мемлекеттің азаматы болады, сол мемлекеттің билігі мен құқықтық тәртібіне бағынып қана қоймай, өзінің іс-әрекетін, мінез-құлқын, одан әрі қоғамдық мүдделер мен мақсаттарының орындалуы үшін пайдаланады. Ерте кезден-ақ, адамзатты мемлекет қалай пайда болды деген сұрақтар қызықтырған. Мемлекеттік құрылымнан бұрын, ерте замандарда рулық басқару ұйымы пайда болған екен. Бұл алғашқы рулық қауымдастық деп аталды. Мемлекеттің ерекше белгілерінің біріне оның өз азаматтарын аумақтық принцип бойынша бөлетіндігі жатады, ал алғашқы рулық басқару ұйымының негізі мүлдем басқаша — қандас туысқандардың байланысы мен қарым-қатынасынан тұрады. Саяси ғылымда мемлекеттің пайда болуы туралы көптеген теориялар бар: теологиялық теория, патриархалдық теория, органикалық теория, табиғи құқықтық теория, психологиялық теория, күштеу теориясы, материалистік теория және т.б. Қазіргі кезде мемлекет саяси жүйенің аса маңызды институты болып табылады [25].

Алдымен, «мемлекет» ұғымының лингвокогнитивтік талдауын сөздің этимологиялық мағынасын сипаттаудан бастайық. «Мемлекет» сөзі арабтың «*мәмләкә*» деген сөзінен шығып, «иелік ету, иелену» деген мағына береді екен. Ғылым мен мәдениетке, әлеуметтік өмірге байланысты енген

бұл ұғым Қазақстан территориясына ислам дінінің таралуымен тікелей байланысты. Мемлекет — араб сөзі, оның мағынасы — империя, мемлекет, патшалық. Еуразияның көне тұрғындары көп уақыт мемлекет сөзінің орнына «ұлыс» атауын қолданып келген. Ал бұл сөзден бұрын мемлекеттің мән-мағынасын берген сөздер де бар. Бұл ұғымдар Қазақстан жеріндегі ежелгі мемлекеттер, яғни «қағанаттардың» пайда болуымен тікелей байланысты. Қазақстан территориясындағы Түрік қағанаты, Батыс түрік қағанаты, Түргеш қағанаты, Қарлұқ қағанаты, Хазар қағанаты, Қимақ қағанаты, Оғыз қағанаты, Қарлұқ, Қыпшақ қағанаттары көне мемлекеттік құрылым болып табылады. Ислам діні Қазақстан жеріне 714 жылдан бастап, яғни Түргеш Қағанатының тұсында енген. Осы кезден бастап ертедегі түркі халықтарының тіліне арабизмдер ене бастайды. Міне, «мемлекет» сөзі сол дәуірде енгенге ұқсайды. Алайда, мемлекет сөзі енгенімен, ежелгі тіліміздегі «қағанат, ұлыс» деген сөздерді бірден ығыстыра алмаған. Тіпті орта ғасырларда да «қағанат, ұлыс, орда» деген ұғымдар мемлекет сөзімен қатар қолданылған. 1242–1481 жылдары біздің жерімізде Алтын Орда, Ақ Орда империялары өмір сүрді. 1465 жылы Қазақ хандығы қалыптасып, жеке мемлекеттік құрылым қалыптасады [26]. Бұл кезеңде «хандық, ұлыс» сөздері белсенді қолданылып, мемлекет ұғымының синонимі ретінде қолданыс тапқан.

Кейбір түркі тілдес халықтардың тілінде «мемлекет» сөзінің орнына «дәулет» сөзі пайдаланылады. Дәулет дегеніміз қазіргі тілімізде байлық, яғни көшпелі тайпалардағы мемлекеттің қалыптасуына әсер еткен пайда табу идеясынан туғанға ұқсайды. Сонымен мемлекеттің әртүрлі себептердің нәтижесінде пайда болғанын оның атауы да аңғартады. Мемлекеттің қалыптасуына географиялық орта немесе табиғи орта, адам саны, шаруашылық жүргізу тәсілі, яғни экономика, өндіріс тәсілі мен еңбек бөлінісі, дін немесе дүниетаным сияқты басқа да сыртқы факторлар әсер етеді екен.

Қазақстан Ресей империясының құрамына кіргенде 1917 жылы Алашорда құрылған болатын. Бұл кезеңде де мемлекет ұғымын орда сөзі білдіріп тұр. Кейін КСРО құрамында Қырғыз Автономиялы Социалистік Кеңес Республикасы, Қазақ Автономиялы Социалистік Кеңес Республикасы, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы болып өзгерді. Кеңестік кезде мемлекет сөзі республика сөзімен қатар қолданылды [27].

Қазақ тілінің 10 томдық түсіндірме сөздігінде «мемлекет» сөзіне түсініктеме былай берілген: «Мемлекет зат. Үкімет басшылығымен, басқа да органдары, мекемелері арқылы халықты белгілі бір іске жұмылдырушы, ұйымдастырушы саяси ұйым, ел. *Совет үкіметі орнады, мемлекет билігі советтердің қолына көшті* (З. Ақышев, Ақбел.). *Дүние жүзінде алғашқы құрылған жас совет мемлекетінің екі жыл бойы істеген жұмысы туралы Владимир Ильич Ленин есепті баяндама жасады* (Х. Ермұратов, Октябрь)» (ҚТТС, 7-том).

2008 жылы «Дайк-Пресс» баспасынан шыққан түсіндірме сөздікте: «Мемлекет — қоғамды басқаратын, оның экономикасы мен әлеуметтік құрылымын қорғайтын негізгі саяси-қоғамдық ұйым» делінген (ҚТТС, 2008). Ал 2007 жылы баспадан шыққан саяси түсіндірме сөздікте мемлекетке мынадай анықтама берген: «Мемлекет — билікті ұйымдастыру түрі, қоғамның саяси жүйесінің негізгі әлеуметтік жүйесі. Мемлекет қоғам көлеміне тең келетін қауымдастық қалпына еніп, жеке аумаққа орналасып, сол қоғамның бүкіл мүшелерін қамтиды» (СТС, 2007).

Берілген анықтамалардан байқағанымыздай, КСРО кезінде шыққан сөздікте мемлекет биліктің басшылығымен халықты бір іске жұмылдырушы, яғни еңбекке баулитын саяси ұйым ретінде суреттелсе, 2000 жылдардың басында мемлекет сөзі бірнеше мағынаға ие болды: 1. «қоғамды басқаратын және оның экономикалық әрі әлеуметтік құрылымын қорғайтын қоғамдық ұйымдастырудың саяси нысаны»; 2. «саяси ұйымының қандай да бір нысаны бар ел» дегенді білдірді.

XX-XXI ғасырдың басындағы лексикографиялық деректер қазақ тіліндегі ұғымды вербалдандыратын сөз мағынасының тұрақты компоненттерін анықтауға мүмкіндік береді: 1. мемлекет — қоғамдық ұйымдастырудың саяси формасы; 2. мемлекет қорғаныс функциясы.

Әртүрлі сөздіктердегі мемлекет сөзінің түсіндірілуін зерттей келе, біз «мемлекеттің» мағыналық құрылымында келесі ұғымдар ажыратылады деген қорытындыға келдік: 1) мемлекеттік аппарат; 2) мемлекет пен қоғам арасындағы билік қатынастары; 3) өз функцияларын жүзеге асыру үшін мемлекеттің іс-әрекеттері; 4) мемлекет бекіткен белгілі бір нормалар жүйесін белгілейтін заң; 5) белгілі бір мемлекеттің юрисдикциясы таралатын белгілі бір аумақ.

Ресейлік ғалым М.В. Гаврилова «Экспликация концепта «государство» в торжественной политической речи» атты мақаласында Ресей Президенттерінің инаугурациялық сөздерін талдау негізінде XXI ғасырдың басында саяси ақпаратты таратудың негізгі арнасы болып табылатын орыс,

ағылшын және француз тілді медиаәтіндерде «мемлекет» концептісінің репрезентациялануы дербестендіру метафорасы, адам қызметі, артефакт, табиғи құбылыс метафоралары арқылы түсіндірілгенін көрсетті. Сонымен қатар, «орыс тіліндегі заманауи публицистикалық мәтіндерде «мемлекет — бұл механизм» және «мемлекет — бұл құрылым» метафоралық модельдері жиі кездеседі, «мемлекет — бұл матадан жасалған бұйым» ұлттық ерекше моделі қолданылады» дегенді айтады [28, 15].

Қазақстандық зерттеуші Ж.А. Джамбаева «Концепт «государство» в языковом сознании представителей тюркоязычных социумов» деген зерттеуінде жүргізген ассоциативті экспериментінде **«мемлекет»** сөз-стимулы Қазақстан территориясында тұратын түркі тілдес халықтардың тілдік санасында ең алдымен «Қазақстан» ассоциатымен байланысты екенін, содан соң барып «ел» (*страна, держава, республика*), «халық» (*народ, нация, общество*), «отан» (*родина, отечество, отчизна*), «жер» (*территория, общий дом*) сияқты аталған феноменнің мазмұнын ашатын ассоциаттармен сипатталатынын көрсетеді. Информанттардың тілдік санасындағы «мемлекет» ұғымының ассоциативті өрісі оның сөздіктердегі түсіндірмесімен, оның негізгі семантикасымен байланысты болғандықтан, «Президент», «Назарбаев», «Үкімет», «Парламент» сияқты ассоциациялар мен «елтаңба» (*герб*), «ту» (*флаг*), «әнұран» (*гимн*) сияқты мемлекеттік символдармен де байланысты екендігін айтады [29, 22–23].

Ал біз Қазақстан Президенттердің жыл сайынға халыққа Жолдауындағы «мемлекет» концептісінің экспликациялану ерекшеліктерін салыстырамыз және олардың мемлекет туралы саяси идеяларының жүйесін құрамыз. Жолдаулар қоғамға идеалды іс жобасын ұсынатын және ел, халық, билік, мемлекет туралы қоғамдық түсініктерді қалыптастыратын идеологиялық мәтін болып табылады.

Бүгінгі таңда «мемлекет» ұғымы екі мағынада қолданылады. Үлкен әлеуметтік топтың ұйымын білдіріп, халық, ел, қоғам деген мағынаны білдіріп, кең мағынасында жұмсалса, басқару құрылымының, мемлекеттік аппараттың жиынтығын анықтай отырып, әкімшілік, үкімет деген тар мағынасында қолданылады. Саясаттануда екінші мағынасы белсенді қолданылады. Мақаламызға тілдік материал етіп 1991 жылдан 2019 жылға дейін елімізді басқарған Н.Ә. Назарбаевтың Жолдаулары мен қазіргі Президентіміз Қ.-Ж.К. Тоқаевтың кейбір Жолдауларын алдық. Бұл Жолдауларда «мемлекет» сөзі жоғарыда аталған екі мағынада да кездеседі. Мысалы, 2006 жылдың 1 наурызында, 2012 жылғы 14 желтоқсанда жарияланған Н.Ә. Назарбаевтың Халыққа Жолдауында «мемлекет» сөзі тіркес түрінде де, күрделі құрылым түрінде де қолданылған:

Кең мағынасында: *Халқымыз осы заманғы және бәсекеге қабілетті зайырлы мемлекетті белсене орнатып жатыр. Біз бүгін — өзіндік бет-бейнесі бар, өзіндік ерекшеліктері мен өзіндік ұстанымы бар табысты мемлекеттіз. Біздің басты мақсатымыз — 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру. Біріншіден, Қазақстан — қазіргі заманғы мемлекет. Халықаралық тәжірибені талдау көрсеткендей, кәсіпкерлердің палаталарға топтасуы — экономиканың тиімділігінің маңызды факторының бірі, осылай істелген жерлерде «мықты бизнес — мықты мемлекет» қағидасы іс жүзіне асты. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, біз елімізді ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ деп атайтын боламыз.*

Тар мағынасында: *Төртіншіден, біз дәйекті түрде саяси тежежелік пен тепе-теңдіктің үйлестірілген жүйесіне негізделген құқықтық мемлекет құрып, оны нығайта береміз. Біз құқықтық мемлекет пен демократиялық қоғамды басқаша құра алмаймыз. Мемлекет өз тарапынан іскерлік бастамашылықтың жолындағы заңнамалық, әкімшілік және бюрократиялық кедергілерді ысырып тастауға, жеке меншік капиталдың келешегі үлкен кемел бастамаларына тікелей қолдау көрсетуге міндетті. Ел экономикасындағы өрлеудің тұрлаулы әрі серпінді сипатын ұстап тұру үшін мемлекет қазынагерлік, кредит-ақша саясатының, өндірістің негізгі факторларын тиімді қайта бөлуді мемлекеттік реттеу тетіктерін пайдаланып, жоғары сапалы өнім мен қызметке деген сұранысты көтермелеп отыруға міндетті. Ел біртұтас корпорация секілді жұмыс істеуі тиіс, ал мемлекет оның өзегі болуға тиіс.*

Қ.-Ж.К. Тоқаевтың 2020 және 2021 жылдары 1 қыркүйектегі Жолдауларында да мемлекет сөзі екі мағынада жұмсалғанын байқауға болады.

Кең мағынасында: *Балалар мемлекетіміздің болашағы емес пе?! Жануарларға көзқарас — кез келген мемлекеттің өркениеттілігінің өлшемі. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» — бұл, шын*

мәнісінде, «**Әділетті мемлекет**» құру тұжырымдамасы. Жаңғыртудың негізгі мақсаты — **тұтас мемлекеттің** тиімділігін арттыру. Біз сонда ғана **бәсекеге қабілетті мемлекет**, зияткер ұлт қалыптастыра аламыз. Біздің елімізде «**Жауапты мемлекет** — жауапты қоғам — жауапты адам» жүйесі берік орнығуы керек. Бізге **мемлекеттің** болашағы үшін зор жауапкершілік жүктеліп отыр. Ең басты жетістігіміз — біртұтас ел болып, **жаңа мемлекет** құрдық. Саяси жаңғыруды біртіндеп жүзеге асыру — **мемлекетіміздің** стратегиялық бағдарының басым міндетінің бірі. **Мемлекетіміздің** болашағы үшін біз ішкі тұрақтылық пен жалпыұлттық бірлігімізді сақтап, нығайтуға міндеттіміз. **Мықты мемлекет** болу үшін ұлттың ұйыса білуі айрықша маңызды. Бұл — мықты, әділ әрі **озық мемлекет** құрудың бірден-бір дұрыс жолы.

Тар мағынасында: Мемлекет шаруашылықты тәуір жүргізе алмайды деген қағида аксиомаға айналды. **Мемлекет** меншігінде тек әлеуметтік нысандар, сондай-ақ **мемлекеттің** қауіпсіздігі мен қалыпты жұмысын қамтамасыз ететін нысандар ғана қалуы керек. Соның салдарынан **мемлекет** жауапкершілігі айқындалмай, азаматтар өз құқықтарын жете түсінбей жүр. Мұндай адамдар **мемлекет** назарынан тыс қалмайды. Ата-аналар кез келген балабақшаны немесе мектепті таңдап, **мемлекет** берген ваучермен төлем жасай алады. Мамандардың негіздеуіне, **мемлекеттің** тек дарынды оқушыларды қолдауы балалар арасында әлеуметтік ара-жікті ұлғайтуы мүмкін. Осыған орай, **мемлекет** қарапайым мектептерге қолдау көрсетеді. **Мемлекеттің** және квазимемлекеттік компаниялардың бюджетінен миллиардтаған теңге тиімсіз жұмсалуда. Азаматтар мүддесіне қызмет ететін **мемлекеттің** жаңа стандарттарын әзірлеу үшін көп жұмыс атқаруымыз керек. Құқықтық **мемлекеттің** маңызды шарты — туралықтан танбайтын әділ сот төрелігінің болуы. **Мемлекеттің** экономикаға тым көбірек араласуы оның өсімін тежейді, сыбайлас жемқорлыққа және заңсыз лобби жасауға әкеп соқтырады. Қазақстан — **әлеуметтік мемлекет**.

Н.Ә. Назарбаевтың саяси дискурсында мемлекет ұғымы кең мағынасында зайырлы мемлекет, өзіндік ұстанымы бар табысты мемлекет, мықты мемлекет, қазіргі заманғы мемлекет, бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет, ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ тіркестерімен берілсе, басқару құрылымының, мемлекеттік аппараттың жиынтығын анықтай отырып, әкімшілік, үкімет деген тар мағынасында құқықтық мемлекет, әлеуметтік, экономикалық мемлекет ретінде қолданыс тапқан.

Екі Президенттің де Жолдауларында «**құқықтық мемлекет**» өте жиі кездеседі. Саяси түсіндірме сөздікте: «Құқықтық мемлекет — өзінің негізгі институттары ретінде билік бөлінісін, сот тәуелсіздігін, басқару заңдылығын, мемлекеттік билік тарапынан азаматтардың құқы бұзылуына жол бермеуді және оған қоғамдық мекеме тарапынан тигізетін залалдың құнын өтеп алуды қарастыратын мемлекет» деп анықтама берілген (СТС, 2007).

Құқықтық мемлекет идеясының шығу тарихы көнеде жатыр. Ол сонау ежелгі заманнан бастау алып, оның философиялық негізін қалаған И. Кант болып табылады. Ал қазіргі жаһандану заманында құқықтық мемлекет тұжырымдамасы мемлекет, қоғам және азамат арасындағы қарым-қатынастарды қалыптастырудың әмбебап идеалы болып табылады. Құқықтық мемлекет идеясының мәні оның дәйекті демократиясында, биліктің қайнар көзі ретіндегі халықтың егемендігін растауында және мемлекеттің қоғамға бағынуында жатыр.

Құқықтық мемлекет — бұл, ең алдымен, құқықтық мемлекет идеялары іс жүзінде жүзеге асырылатын құқықтық мемлекет.

Ал «**зайырлы мемлекет**» Н.Ә. Назарбаевтың 2010 жылдарға дейінгі Жолдауларында біршама жиі кездеседі. Саяси түсіндірме сөздікте: «Зайырлы мемлекет — дінді мемлекеттен ажырату идеясының жүзеге асырылуы» деген анықтама берілген (СТС, 2007).

Қ.-Ж.К. Тоқаевтың 2020 жылдың 1 қыркүйегіндегі Жолдауында «**әділетті мемлекет**» ұғымы «**халық үніне құлақ асатын мемлекет**» тұжырымдамасымен сипатталады. Президентіміздің бұл тұжырымдамасының негізі — биліктің бұқара халыққа жақын болуы. Әділетті мемлекет дегеннің ұғымына мемлекеттік институттардың рөлін нығайта отырып, қазақстандық азаматтардың бостандықтары мен құқықтарын қорғау, халықтың тұрмыс сапасын жақсарту мәселесі кеңінен сөз етіледі. Жолдауда бүгінгі таңдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайға жан-жақты, терең талдау жасап қана қоймай, оның шешу жолдарын да көрсетіп берді. Президентіміздің саяси дискурсындағы «**әділетті мемлекет**» деп, билік пен халық арасында ашық диалогқа құрылған алтын көпірдің болуын айта аламыз.

«Қасиетті Отанымыз тәуелсіздіктің үшінші мүшеліне аяқ басты. Қазақстан қысқа мерзім ішінде кемелденіп, қуат толысқан **сақа мемлекетке** айналды. Ширек ғасырда біз елімізді түбегейлі өзгерткен екі жаңғыруды іске асырдық», — деді Н.Ә. Назарбаев өзінің 2017 жылғы қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында.

«Сақа мемлекет» тіркесі саяси концепт ретінде қызығушылық тудырды деуге болады. Елбасының жыл сайынғы Жолдауларында Қазақстанның **жас мемлекет** ретінде түрлі кедергілерді еңсере отырып, кезең-кезеңімен дамуы керектігі баса айтылды. Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстанды «сақа мемлекет» деп атап, яғни әл-ауқатты мемлекет деп танып, өз бағасын беріп, құнды бағыт-бағдар бере отырып, шешімдер қабылдады.

Жалпы «сақа» сөзінің этимологиясына терең үңілетін болсақ, қазақ ұғымында **сақа** дегенде, ең бірінші асықтың бір түрі еске түседі. Бір түрі болғанда, жай түрі емес, ерекше ірісі, асық атқанда керемет жүйрігі саналады екен. Мұндай асықтар үлкен қошқардың асығы екен. Тіпті сақа асыққа қорғасын да құйылатын болған.

Түсіндірме сөздікте: «**Сақа** 1. Асықтың ең үлкені, ірісі. 2. Ауысп. Жасамыс, үлкен, ірі, тәжірибелі. **Сақа тартты** — қартайды, жасы келді. **Сақа** түйе — 10 жастан асқан ірі түйелердің жалпы атауы» (ҚТСС).

Sozdikqor.kz сайтындағы мәліметтерді қарағанда, «сақа» сөзіне әр сөздіктен бірнеше анықтамалар табамыз.

Мысалы, М. Қашқари сөздігінде «**сақа** — тау етегі» деп берілсе, Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде «аша, тіреу» деп бір мағынасы және «кәрі, қарт» деп екінші мағынасы беріліпті.

Ал «Мұқағали тілі» сөздігін құрастырушылар Б. Қалиев, Ж. Түймебаев, Ш. Құрманбайұлы, С. Исакова: «**Сақа** зат. этноним. Асықтардың ішіндегі басқа асықтарды атуға жарамды ең ірісі, салмақтысы».

(Сонадайда баратса қашып аты)

Арқасына алты ер қасы батып,

Тыпырлаған байғұсты, сақа жасап,

Шиырып кеп жіберсем асық атып, — дей келе, Мұқағали ақынның да сақа сөзін ең ірі, ең салмақтысы деген мағынада қолданғанын тілге тиек етеді.

Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігінде де «**Сақа** — асықтың ең үлкен ірісі» және «Жасамыс, үлкен, ірі» деген мағыналары айқындалған. М. Белбаеваның «Қазақ тілінің омонимдер сөздігінде»: «зат. Көп асықтың ішіндегі ірісі, қорғасын құйылғаны. *Санай атты жауларын, Амангелді ұшырып, Сақа тиген асықтай, Шалқасынан түсіріп...* (О.Ш.)» деп берілсе, он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде»: «зат. этн. ойын. 1. Асықтың ең үлкен ірісі, салмақтысы».

Жағаласып жүрсең де,

Жағаласып,

Жылпостардың жатады амалы асып.

Серке болып кетеді қотыр теке,

Сақа болып кетеді жаман асық (К. Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Сынайын бір сақаны,

Ертең ерте көшейін.

Уық бауын шешейін,

Алтыннан соққан сақасын,

Күмістен соққан кенейін,

Жұртқа тастап кетейін.

Айнамкөз бен Қаракөз

Аямайын ала бер,

Оны қимай не етейін! (К. Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Сақа сойыл жасап алу үшін ірі қара малдың асығын мұқият мүжіп тазалайды. Алдыңғы жағын тесіп, қайыс немесе темір шығырық өткізеді. Шығырық яки тесіктен қайысты жалғайды («Ана тілі»), — деп алғашқы мағынасын берсе:

2. ауыс. Жасамыс, көпті көрген; тәжірибелі; тісқаққан.

Атағы, әлі, әртүрлі аталары,

Аталары, әр елдің, сақалары.

Әркім басын көтеріп, өмірінде,

Әлі жеткен жеріне апарды (Ж. Жақыпбаев, Ләйлә.).

//этн. Малдың жасына, төлдеуіне қатысты атау. *Тұмса інгендердің боталары сақа інгендер боталарынан ұсақтау болады* (И. Жұмағұлов, Түйе өсіруші ... сөздігі)

Жоғарыда берілген сөздіктердегі «сақа» сөзінің мағынасы *ең ірісі, үлкені, тәжірибелі, көпті көрген, тісқаққан* деген сөздер мен сөз тіркестерімен берілген.

Сонымен, «сақа мемлекет» тіркесін Н.Ә. Назарбаев Орта Азиядағы әл-ауқатты, табысты да қуатты мемлекеттердің бірі деген мағынасында қолданғаны сөзсіз.

Біздің пайымдауымызша, «сақа, сақ, саха, сақ бол, сақтан, саққұлақ, сақта, сақ-сақ күлу» сияқты сөздер, тіпті «сақал» сөзі де бір түбірден тараған. Белгілі өлкетанушы, зерттеуші Серікбай Жаркешов: «Ал, САҚА дегенде, негізі, есімізге тарихи жадымызда әбден сақталған, тұрмыс-салтымыздан үлкен орын алған және ауыз-екі әңгімеде көп кездесетін бес нәрсе түседі» — деп, «сақа» деген сөзді бес түрлі түсінікпен байланыстырады [30].

Автордың айтуынша, біріншіден, сақа — тәжірибелі, ысылған, көргені көп, қырағы, дайындығы мол, тісқаққан, сергек, жай адамнан озық, ақылды, өнері мол, сенімді, сайлы деген мағыналарды бере отырып, «*ол қашан да болса сақадай сай зой*», «*сақадай сай тұрыңдар*», «*ол тәжірибелі сақа жауынгер еді*», «*олар тісқаққан сақа жігіттер зой*» немесе «*бұл үйірін талай қасқырдан айырып алған сақа айғыр еді*» деген теңеулер мен «*Талапты туған асылды, ақылы асса аға қой, Құнан қойдың асығын, қолыңа жақса, сақа қой*» деген нақыл сөздермен тікелей байланыстырады.

Екіншіден, автор «сақа» сөзін Сақ тайпасымен тікелей байланысты дейді. Олар қазіргі қазақ даласының оңтүстігінде Жетісу бойында, Арал маңындағы Иран аумағында, сондай-ақ Каспий теңізінің оңтүстігі мен оңтүстік-батысында өмір сүрген сақтар артына елеулі мәдени мұра қалдырғанын әлем біледі. Есік қаласынан табылған жануарлар бейнеленген теңдесі жоқ алтын бұйымдар мен басқа да жерлерден табылған «Алтын адамдар» сақ патша қорғандарының бірегей тарихи мұрасы болып саналады. Автор сақтардың атын *сақ* емес, *сақа* деп жазған тарихшылар да кездесетінін атап өтеді.

Мақалада сонымен қатар, үшіншіден, сақа сөзін естігенімізде кәдімгі асықтың сақасы ойға келетіні, алма кезек, асқан ептілікпен бүгін бүкке, шігін шікке шертіп тиігізіп ұпай жинайтын, әр қазақ баласы білетін «Ханталапай», «Хан» және т.б. асық ойындары туралы жазылып, мұндағы сақа — хан, қалған асық бұқара халық деп есептелетіні баяндалады.

Төртіншіден, өлкетанушының айтуынша, «сақа» дегенде, Якутияда тұратын Саха халқы еске түседі екен. Бір қызығы, бүкіл Ресейдегі ғалымдар мен қоғам қайраткерлері Якутияның Сібірдің барлық халықтары арасында осы аймақтың басқа түркі халықтарына ұқсамайтын ең дамыған, дәстүрге бай және ерекше мәдениетімен ерекшеленетін аймақ ретінде таң қалады. Соңғы жиырма жылда якут халқы мен ғалымдары еңсесін көтеріп, үлкен оянуды бастан кешіп жатыр. Олар Саха атын қайтарып алып, мәдениетінің тарихына деген қызығушылықтарын жандандырды. Өздерінің тарихын жазып, зерттегені үшін қуғын-сүргінге ұшыраған ғалымдары мен зерттеушілерінің еңбектерін қайтадан қолға алып, үлкен ізденістер мен жаңа зерттеулерге кірісіп кетті. Автор осы саха халқын көне Сақтардың ұрпағы екенін, тіпті қазақтың Арғын руының ішіндегі Қуандық, Сүйіндік руларын Саха халқындағы Хунну мен Сюнну тайпаларымен тікелей байланыс бар екенін осы мақаласында атап өтеді. Және оны тарихи оқиғалар мен тілдік фактілер арқылы дәлелдеп береді.

Осыдан келіп, бесінші факторын талдай түседі. Автордың бұл бесіншісі, Саха халқының тікелей өткен тарихымен байланысты екен. Бесіншіден, «сақа» дегенде, ауызға ілігетін де, ойға түсетін де қазақтың «Алтын сақа» ертегісі: «Енді осы Алтын сақа ертегісінің қысқаша мазмұнына тоқталсақ, мұнда жалмауыз кемпір «балаңды берсең ғана босатам» деп қылқындырып өлтіретін болғандықтан, әкесі амалсыздан «кешегі қонған жерде қалды деп іздеп келгенде ұстап аларсың» деп баласының алтын сақасын тастап кетеді. Бала атының арқасында алтын сақаны алып қашып, ұсталар болғанда төбеттері келіп жалмауызды талап өлтіреді. Сөйтіп алтын сақасын да қолына түсіріп, жалмауызды өлтіріп, елін де жаудан құтқарады. Бұл жерде, әрине, жауыздық, жау образы болып тұрған жалмауыз кемпір сонау алғашқы қауымдық қоғам кезеңіндегі матриархат дәуірінің мықтысы еді. Содан да жауыздық образын, елге келген жау, пәле бейнесін кейін патриархат кезеңінде ақсақалдар ертегі айтқанда жалмауыз түрінде көрсететін еді. Сол себепті де, ертедегі жалмауыз кемпір елге шапқан жау бейнесі, ал ақсақал ел, ел ағалары, халық ұғымын көрсетеді», дей келе, мақала авторы «...елді жау шауып, ел ағаларын мәжбүрлеп, алтын сақаны, алтын сауытты Сақаны, сақа тайпасын елден айырып алып кеткен жоқ па екен деген бір ой келеді. Осы ертегі сол оқиғаны беріп тұрған жоқ па?» деген болжам жасайды [30]. Расында да, неге дәл сол алтын сақаны тастап кетеді? Неге баланың алтын кездігін, немесе алтын зерлі тақиясын емес, немесе алтын сапты қамшысын тастап кетпейді? деген

сұраққа автор жауабы: «Оның себебі, тек сақа ғана көптің (көп асықтың) ішіндегі басшысы, жақсысы, тектісі, ірісі, мықтысы, озығы. Жәй емес, алтын сақа болғандықтан, тіпті қимас жақсысы... Ал, мұндағы бала өсіп келе жатқан жеткіншек, болашақ жауынгер, батыр, елін қорғар жігіт, ер қанаты — тұлпарына мініп, жауын жеңіп, елін жаудан, бодандықтағы туысқан сақаны тұтқыннан құтқарып елге қосар ма екен деген арман, алдағы заманға деген үміт емес пе екен, ал ертегі болса сол сақаны жоқтаудан қалған бір ескі сөз бе деп ойлаймын» деп, «сақа» сөзін «Алтын сақа» ертегісінің желісімен, Саха халқын көне сақтардың ұрпағы, бізден кеткен, біздің жерімізден бөлініп кеткен бір бөлшегіміз шығар деген түйін шығарады.

Ал енді «сақал» сөзін «сақа» сөзімен қалай байланыстырамыз деген сұрақ туындайды. «Сақал» сөзі қазақ әдеби тілінің он томдық сөздігінде: «зат. 1. Еркек адамның иегі мен жағына шығатын түк. *Қоян тыңдап тұра қалды: жүк тартқандар екен. Жағаларын көтеріп, мойындарын бөкебаймен орап, тымақтарын баса киіп алған кісілердің сақал, мұрт, қас, қабағын қырау ұстаған, беттері де арең көрініп, ауыз-мұрындарынан су бұрқырап, аттарын айдап ысқырып, аттары да терлеп, терлері қырауланып бусанып келе жатты* (М. Дулатов, Шығ.). 2. ауыс. Орта жастан асқан не жасы келген ер адам.

Ертесін бай ма, басқа ма,

Бәйбіше, яки тоқал ма,

Тіл тиетін жасқа да,

Тіл тиетін сақалға (М. Мақатаев, Шығ.)

3. ауыс. Малдың астыңғы жағы мен иегіне өсетін ұзынша түктері. *Қашмир ешкісінің мүйізі ұзын, иір, жантақ келіп, құлақтары ұзын болады. Түсі ақ, қара күрең, бурыл немесе қара бурылдау болып келеді. Басының екі жақ жаны мен мойнының және сақалының түсі әрқашан да қара келеді* (Ш. Жанәбілев, Қаз. мал. атау.) деген үш мағынада кездеседі.

Халқымыздың танымында «сөздің көркі — мақал, жігіт көркі — сақал», «бояушыны бояушы дегенде сақалын бояйды», «сақал — қарттың сәні», «сақал текеде де бар» т.б. сияқты мақал-мәтелдер сақталған. Ер-азаматтарымыз сақал-мұрт қоюды — азаматтықтың, ақсақалдылықтың белгісі деп қарап, балиғатқа толған бозбала кезінен бастап мұрт қойған. Ал балалы-шағалы болып, келін түсіріп, қыз ұзатып, немерелі болған соң, аталарымыз әдемілеп сақал қойған екен. Халқымыз сақал-мұрт қоюды жігіттік әсемдік пен ақсақалдық салауаттылықтың, өмірге деген шүкіршіліктің, қанағатшылдықтың белгісі деп ерекше мән беріп қараған. Аталарымыз немере сүйген соң, Құдайдың берген сыйына шүкіршілік етіп, ата болғанына қуанып, енді жастарға ақыл-кеңес айтып, үлгі-өнеге көрсетіп, **«ақсақал»** деген атқа лайық бола бастайды. Осындай мәртебеге жеткенде ғана, қарияларымыз сақал қойған.

Қазақ халқының мәдениетінде сақалдың болуына ерекше мән берілген. Жастар сақалды адамды көргенде «Ақсақал» деп оларға ерекше құрметпен қарап, міндетті түрде қол беріп сәлемдеседі. Қарияларымыз «ақсақал» деген құрметті атағына дақ түсірмеуге тырысқан. Олар өздерін білдей бір ауылдың, ауданның ақсақалы, отағасы санап, қоғам алдындағы өз міндеттерін абыроймен атқарып, биік адамгершілік пен кең пейілділіктің үлгісі болуға ұмтылған.

Қорыта келгенде, сақалды қасиетті сақалдың қадіріне жетемін, атына дақ келтірмей, халқына үлгі-тағылым көрсетіп, елін береке-бірлікке шақырып, пенделікке ұрынбайтын адамгершілік қадір-қасиеті жоғары адамдар ғана қойған. Сонда сақалды кім көрінген қоя бермеген, жасы келген, қарттыққа аяқ басқан, көпті көрген, өмірден түйгені бар, жоғарыда айтқандай, немерелі болып, елінің-жұртының сүйіспеншілігіне бөленген, ерекше адамдар ғана қойған.

Жоғарыдағы фактілерді тұжырымдай келе, біздіңше, «сақа, сақ, саха, сақал» деген сөздер бір түбірден таралуы әбден мүмкін деген қорытынды жасай аламыз. Н.Ә. Назарбаев өз Жолдауында елімізді **«сақа мемлекет»** деп, сақ дәуірінен басынан небір қилы заман кешкенін, көпті көргенін, сол көрген қиындықтарына қарамастан, тәуелсіздігін сақтап, осыншама кең-байтақ жерімізге ие боп қалған кәрі де жас мемлекетіміздің әл-ауқатын, қуаты толысқан, береке-бірлігі мен ынтымағы жарасқан, өсіп-өркендегенін айтқаны болар.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тілдік танымында Қазақстан концептісі мемлекет ретінде өзіндік бет-бейнесі бар, өзіндік ерекшеліктері мен өзіндік ұстанымы бар табысты, экономикасы дамыған, қазіргі заманғы мықты, *бәсекеге қабілетті*, саяси тежемелік пен тепе-теңдіктің үйлестірілген жүйесіне негізделген *құқықтық мемлекет* болып бейнеленген.

Ал қазіргі Президентіміз Қ.-Ж.К. Тоқаевтың саяси дискурсында *өркениетті мемлекет, мемлекет — балалардың болашағы, халық үніне құлақ асатын, әділетті, демократиялы ел,*

біртұтас, халық алдында жауапты, жаңа мемлекет, сонымен қатар, мықты, әділ әрі озық мемлекет құруға жол бастаған деген сияқты мемлекетке кемелдену, күш-қуат, жауапкершілік сияқты қасиеттер ашық түрде берілген.

Жыл сайынғы Жолдауларда «Қазақстан» концептісінің мемлекет ретіндегі тіркесімділік мүмкіндіктерін кесте түрінде бердік (1-кесте):

1-кесте

«Мемлекет» концептісінің Жолдау мәтіндеріндегі көрінісі

| | |
|---------------------------------------|--|
| Н.Ә. Назарбаев. 2006 жыл 1 наурыз | БІЗ, құқықтық мемлекет, зайырлы мемлекет, біртұтас Қазақстан, халықаралық қоғамдастықтың толық құқылы және жауапты мүшесі, қабілетті ел, Республика, келешегі зор сенімді әріптес, Қазақстан сенімді өнім беруші, көпұлтты Қазақстан |
| Н.Ә. Назарбаев. 2012 жыл 14 желтоқсан | қалыптасқан Қазақстан, қуатты да табысты мемлекет, әлемдік қоғамдастық таныған ел, тәуелсіз Қазақстан, ТМД-да көшбасшы, КӘСІБИ МЕМЛЕКЕТ, бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет, ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ |
| Н.Ә. Назарбаев. 2018 жыл 5 қазан | әлемдік қоғамдастық таңдап алған бірінші мемлекет, әлем картасында болмаған жаңа мемлекет, цифрлық Қазақстан, жас, көп ұлтты, болашағына сенімді және қарқынды дамып келе жатқан мемлекет, сақа мемлекет |
| Қ.-Ж.К. Тоқаев. 2020 жыл 1 қыркүйек | ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН, Азия мен Еуропаны байланыстырған Қазақстан, әділетті мемлекет, халық үніне құлақ асатын мемлекет, азаматтар мүддесіне қызмет ететін мемлекет |
| Қ.-Ж.К. Тоқаев. 2021 жыл 1 қыркүйек | біз, құқықтық мемлекет, бәсекеге қабілетті мемлекет, жауапты мемлекет, жаңа мемлекет, халықаралық қауымдастықтың белді мүшесі, әлеуметтік мемлекет, әділ әрі озық мемлекет, мықты мемлекет, ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН |

Байқағанымыздай, «мемлекет» концептісінің вербалды репрезентанттары мына сөздер бола алады: біз, зайырлы мемлекет, құқықтық мемлекет, әділетті мемлекет, халық үніне құлақ асатын мемлекет, мықты мемлекет, Қазақ мемлекеті, біртұтас Қазақстан, Жаңа Қазақстан, Республика, көпұлтты мемлекет, қуатты да табысты мемлекет, сақа мемлекет, қазіргі заманғы мемлекет және т.б.

Қазақстан Президенттерінің Жолдауларында мемлекеттің екінші номинациясының негізгі тәсілі ретінде метафоралау жиі қолданылады. Бұл ретте мемлекет бейнелі түрде концептуалды көп бағытты метафоралық модельдердің көмегімен түсініледі: «мемлекет — адам», «мемлекет — қоғам» және «мемлекет — материалдық объект».

«Мемлекет» концептісінің экспликациясының ерекшеліктерін талдай отырып, мемлекет дегенге не жататынын анықтауға болады. Ол үшін мемлекеттік сын есімінің тіркесімділік мүмкіндіктерін қарастырайық: «*мемлекеттік мүдде*», «*мемлекеттік егемендік*», «*мемлекеттік билік*», «*мемлекеттік лауазым*», «*мемлекеттік қызмет*», т.с.с. Басқаша айтқанда, мемлекет егемендік пен билікке ие, мүдделері мен лауазымдары бар, сондай-ақ белгілі қызметті жүзеге асырады.

Қорытынды

«Мемлекет» концептісі — жаңа президенттің саяси міндеттеріне және/немесе қоғамның лауазымдық міндеттері мен қажеттіліктеріне сәйкес үнемі өзгеріп отыратын динамикалық құрылым.

«Мемлекет» лексемасының тіркесімділік мүмкіндіктерін зерттей отырып, мынадай қорытынды жасауға болады: Президенттер мемлекетті әртүрлі атрибуттар арқылы береді (сипаттайды), бұл посткеңестік мемлекеттің қалыптасуы мен дамуы жағдайында концептінің жаңа сигнификаттық белгілерін дәлелдейді, сондай-ақ Президенттің жаңа саяси бағытының міндеттерін және/немесе көшбасшының мемлекет туралы саяси идеялар жүйесінің өзгеруін көрсетуі мүмкін.

«Мемлекет» концептісі кез келген халықтың өмірінде аса маңызды орын алатын әмбебап категория болып саналады. Қазақстанда тұратын адамдар санасында мемлекет концептісі мықтылық, күштілік, еркіндік, тәуелсіздік, патриоттылық, унитарлы, құқықтық, зайырлы, тұрақтылық, бауырмалдылық, достық, кең байтақ, жауапкершіліктік, қуаттылық, мінсіз, мақтаныш сезімі, туған жер, көпұлтты, үлкен, бай т.б. сияқты жағымды стереотиптерден құрылса, сонымен қатар жемқор, парақор, халықты түсінбейтін, халықтан алыс, әділетсіз т.б. сияқты жағымсыз стереотиптер де орын алады.

Мемлекет концептісі тілдегі қалыптасқан «тәуелсіздік», «атамекен», «туған жер», «туған ел» «отан», «дала», «қазақ» концептілері тәрізді патриоттық сарында дамып, нақтыланып, когнитивтік тұрғыдан талдануы қажет деп санаймыз. Бұл өз кезегінде тіліміздің когнитивтік лингвистика саласының толығуына, жаңа концептілердің дамуына әсер етеді, тілдегі концептілерді зерттеуге үлесін қоса алады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка / Д.С. Лихачев // Изв. РАН. Сер. лит. и яз. — 1993. — Т. 52, № 1. — С. 3–9.
- 2 Арутюнова Н.Д. Предисловие. Логический анализ языка: культурные концепты / Н.Д. Арутюнова. — М.: Наука, 1991. — С. 3–4.
- 3 Маслова В.А. Введение в когнитивную лингвистику / В.А. Маслова. — М.: Флинта; Наука, 2004. — 296 с.
- 4 Аскольдов-Алексеев С.А. Концепт и слово / С.А. Аскольдов-Алексеев // Русская словесность. От теории к структуре текста: антология. — М.: Академия, 1997. — С. 267–269.
- 5 Вежбицкая А. Семантические универсалии и описание языка / А. Вежбицкая. — М., 1999. — 293 с.
- 6 Кубрякова Е.С. О ментальном лексиконе: лексикон как компонент языковой способности человека / Е.С. Кубрякова; сост. Л.Н. Чурилина // Актуальные проблемы современной лингвистики. — М.: Флинта; Наука, 2006. — С. 200–212.
- 7 Колесов В.В. Концепт культуры: образ—понятие—символ / В.В. Колесов // Вестн. СПбГУ. — 1992. — № 16. — С. 30–40.
- 8 Күштаева М.Т. «Тары» концептісінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны: филол. ғыл. канд. ... автореф. Мамандығы: 10.02.02 — қазақ тілі / М.Т. Күштаева. — Алматы, 2002. — 29 б.
- 9 Смайлов З.А. «Әйел» концептісін қалыптастыратын тұрақты тіркестердің лингвомәдени сипаты: фил. ғыл. канд. ... автореф. Мамандығы: 10.02.02 — қазақ тілі / З.А. Смайлов. — Алматы, 2008. — 24 б.
- 10 Абдрахманова М.Б. «Көз» концепті: лингвомәдени және танымдық парадигмасы: фил. ғыл. канд. ... автореф. Мамандығы: 10.02.02 — қазақ тілі / М.Б. Абдрахманова. — Алматы, 2008. — 25 б.
- 11 Жампейісова Ж. «Ақ-қара» концепті: оппозициясы мен қызметі: фил. ғыл. канд. ... автореф. Мамандығы: 10.02.02 — қазақ тілі / Ж. Жампейісова. — Алматы, 2007. — 25 б.
- 12 Қошанова Ж. Қазақ тіліндегі «байлық-кедейлік» концептісі: танымдық сипаты мен қызметі: фил. ғыл. канд. ... автореф. Мамандығы: 10.02.02 — қазақ тілі / Ж. Қошанова. — Алматы, 2009. — 27 б.
- 13 Байғұтова А.М. «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты: фил. ғыл. канд. ... автореф. Мамандығы: 10.02.02 — қазақ тілі / А.М. Байғұтова. — Алматы, 2008. — 27 б.
- 14 Лакофф Д. Метафоры, которыми мы живем / Д. Лакофф, М. Джонсон. — М.: Изд-во УРСС, 2008. — 256 с.
- 15 Запесоцкий А.С. Культурология Дмитрия Лихачева / А.С. Запесоцкий. — Изд. 2-е. — СПб.: СПбГУП, 2012. — 528 с.
- 16 Копыленко М.М. Основы этнолингвистики / М.М. Копыленко. — Алматы: Евразия, 1995. — 178 с.
- 17 Диброва Е.И. Коммуникативно-когнитивная модель текстопорождения / Е.И. Диброва // Семантика языковых единиц: Докл. V Междунар. конф. — Т 2. — М., 1996. — С. 130–137.
- 18 Никитин М.В. Лексическое значение в слове и словосочетании / М.В. Никитин. — Владимир, 1994. — 224 с.
- 19 Степанов Ю.С. Константы. Словарь русской культуры. Опыт исследования / Ю.С. Степанов. — М.: Школа Языки русской культуры, 1997. — 824 с.
- 20 Воркачев С.Г. Лингвоконцептология и межкультурная коммуникация: Истоки и цели / С.Г. Воркачев // Филологические науки. — 2005. — № 4. — С. 76–83.
- 21 Неретина С.С. Концепт и концептология. Метафора / С.С. Неретина // Тропы и концепты. — М., 1999. — С. 16–79.
- 22 Грузберг Л.А. Концепт как культурно-ментально-языковое образование / Л.А. Грузберг // Изменяющийся языковой мир: Материалы Междунар. науч. конф. — Пермь: ПТУ, 2000. — С. 127–130.
- 23 Гымпилова С.Д. Концепт «дом» в языковой картине мира монголоязычных народов / С.Д. Гымпилова, Б.Ц. Гомбоев // Монголоведение. — 2022. — № 14(4). — С. 788–799.
- 24 Щелокова Л.И. Концепт «Родная земля» в публикациях военных лет / Л.И. Щелокова // Studia Litterarum. — 2022. — Т. 7, № 2. — С. 220–231.

- 25 Якушев А.В. Теория государства и права / А.В. Якушев. — М.: Изд-во «ПРИОР», 2001. — 192 с.
- 26 Кан Г.В. Қазақстан тарихы / Г.В. Кан, У.В. Шаяхметов. — Алматы: Алматыкітап, 2007. — 264 б.
- 27 Берденова К.Ә. Қазақстан тарихы / К.Ә. Берденова. — Алматы: Экономика, 2013. — 307 б.
- 28 Гаврилова М.В. Экспликация концепта «государство» в торжественной политической речи / М.В. Гаврилова // Политическая лингвистика. — 2020. — № 2 (80). — С. 10–24.
- 29 Джамбаева Ж.А. Концепт «государство» в языковом сознании представителей тюркоязычных социумов / Ж.А. Джамбаева // Молодой учёный. — 2010. — № 5 (16). — С. 21–24.
- 30 Жаркешов С.И. Алтын сақа [Электрондық ресурс] / С.И. Жаркешов // «Алаш айнасы». — 2014. — 19 мамыр. — Қол жеткізу режимі: <https://on.kz/society/altyn-saqa-50964/>.

А.Е. Баербекова, Ж.Д. Рапишева, Ж.С. Акишева, А.Ю. Кишенова

Языковая репрезентация концепта «государство» в концептосфере Казахстан по текстам Посланий Президента

Статья посвящена анализу лексических средств реализации концепта «государство» в текстах ежегодных Посланий Президента Республики Казахстан. Сопоставляя традиционное наполнение этого концепта с представлениями, отраженными в текстах Посланий, авторы выявляют специфику формируемой Посланием языковой картины мира. Кроме того, проанализированы особенности лексической сочетаемости слова «государство», исследованы взаимодействия концепта «государство» с другими концептами, такими как «Казахстан», «страна», «родина». Цель статьи — исследовать смысловое наполнение концепта «государство» в концептосфере Казахстан по материалам Послания и определить средства его языковой объективации. Один из основных концептов казахской национальной концептосферы «государство» может представлять такие общенациональные ценности, как «независимость», «отечество», «родная земля», «родная страна», «родина», «степь», «казах», сформированные в языке. Авторами использованы методы компонентного, концептуального и контекстуального анализа семантики лексических единиц, а объектом исследования выступили тексты ежегодных Посланий, в которых используется лексема «государство», а также материалы Толкового, Этимологического, Толкового политического и других словарей казахского языка. В результате исследования было доказано, что концепт «государство» — ментальная категория, занимающая важное место в жизни казахского народа.

Ключевые слова: концепт, языковая картина мира, концепт «государство», концептосфера Казахстан, Послание Президента.

A.E. Baerbekova, Zh.D. Rapisheva, Zh.S. Akisheva, A.Y. Kishenova

Language interpretation of the concept “state” as part of the national concept Kazakhstan according to the texts of the message

The article is devoted to the analysis of lexical means of implementing the concept of “state” in the texts of the annual Presidential Addresses. By comparing the traditional content of this concept with the ideas reflected in the texts of the Messages, the authors reveal the specifics of the linguistic picture of the world formed by the Message. The article analyzes the features of the lexical compatibility of the word “state”, and explores the interaction of the concept “state” with other concepts such as Kazakhstan, country, Motherland. The main goal of the article is to explore the content of the concept “state” in the concept sphere of Kazakhstan based on the materials of the Address and to reveal the nature of the use of concepts that reflect the scale of the concept’s use. One of the main concepts of the Kazakh national concept sphere “state” can represent such national values as “independence”, “fatherland”, “native land”, “native country”, “homeland”, “steppe”, “Kazakh”, formed in the language. The article uses methods of component and conceptual and contextual analysis of the semantics of lexical units, and the research material was the texts of annual Messages in which the lexeme state is used, as well as materials from explanatory, etymological, explanatory political and other dictionaries of the Kazakh language. The authors of the study conclude that the concept of “state” is a universal category that occupies an important place in the life of any people.

Keywords: concept, linguistic picture of the world, concept of “state”, concept sphere of Kazakhstan, Presidential Message.

References

- 1 Lihachev, D.S. (1993). Kontseptosfera russkogo yazyka [The concept sphere of the Russian language]. *Izvestiia Rossiiskoi akademii nauk. Seriya Literatura i yazyki — News of the Russian Academy of Sciences. Series Literature and languages*, 52(1), 3–9 [in Russian].
- 2 Arutjunova, N.D. (1991). *Predislovie. Logicheskii analiz yazyka: kulturnye kontsepty [Foreword. Logical analysis of language: cultural concepts]*. Moscow [in Russian].
- 3 Maslova, V.A. (2004). *Vvedenie v kognitivnuiu lingvistiku [Introduction to cognitive linguistics]*. Moscow [in Russian].
- 4 Askol'dov-Alekseev, S.A. (1997). Kontsept i slovo [Concept and word]. *Russkaia slovesnost. Ot teorii k strukture teksta: antologija — Russian literature. From theory to text structure: an anthology*. Moscow, 267–269 [in Russian].
- 5 Vezhbickaja, A. (1999). *Semanticheskie universalii i opisanie yazyka [Semantic universals and language description]*. Moscow [in Russian].
- 6 Kubrjakova, E.S. (2006). O mentalnom leksikone: leksikon kak component yazykovoi sposobnosti cheloveka [About Mental Lexicon: Lexicon as a Component of Human Language Ability]. *Aktualnye problemy sovremennoi lingvistiki — Current problems of modern linguistics*. Moscow, 200–212 [in Russian].
- 7 Kolesov, V.V. (1992). Kontsept kultury: obraz–poniatie–simvol [Concept of culture: image — concept — symbol]. *Vestnik Sankt-Peterburgskogo gosudarstvennogo universiteta — Bulletin of Saint Petersburg State University*, 16, 30–40 [in Russian].
- 8 Kushtaeva, M.T. (2002). “Tary” konteptisinin semantikalıq qurylymy men lingvomadeni sipaty [Semantic structure and linguistic content of the concept “millet”]. *Extended abstract of candidate’s thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 9 Smajlov, Z.A. (2008). “Aiel” konteptisin qalyptastyratyn turaqty tirkesterdin lingvomadeni mazmuny [Linguistic characterization of regular phrases that form the concept of “woman”]. *Extended abstract of candidate’s thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 10 Abdrahmanova, M.B. (2008). “Koz” kontsepti: lingvomadeni zhane tanymdyq paradigması [Eye Concept: Linguocultural and Cognitive Paradigm]. *Extended abstract of candidate’s thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 11 Zhampeisova, Zh. (2007). “Aq-qara” kontsepti: oppozitsiıasy men qyzmeti [The concept of “black and white”: opposition and activity]. *Extended abstract of candidate’s thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 12 Koshanova, Zh. (2009). Qazaq tilindegi “bailyq-kedeilik” kontseptisi: tanymdyq sipaty men qyzmeti [The concept of “wealth-poverty” in the Kazakh language: cognitive character and activity]. *Extended abstract of candidate’s thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 13 Bajgutova, A.M. (2008). “Qazaq aieli” kontseptisinin etnomadeni sipaty [Ethnocultural nature of the concept “Kazakh woman”]. *Extended abstract of candidate’s thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 14 Lakoff, D., & Dzhonson, M. (2008). *Metaforı, kotorymi my zhivem [Metaphors we live by]*. Moscow [in Russian].
- 15 Zapesockij, A.S. (2012). *Kulturologiia Dmitriia Likhacheva [Culturology by Dmitry Likhachev]*. Saint Petersburg [in Russian].
- 16 Kopylenko, M.M. (1995). *Osnovy etnolingvistiki [Fundamentals of ethnolinguistics]*. Almaty [in Russian].
- 17 Dibrova, E.I. (1996). Kommunikativno-kognitivnıaia model tekstoporozhdeniia [Communicative-cognitive model of text generation]. *Semantika yazykovykh edinit: Doklady V Mezhdunarodnoi konferentsii — Semantics of linguistic units: Reports of the V International conference*, 2, 130–137. Moscow [in Russian].
- 18 Nikitin, M.V. (1994). *Leksicheskoe znachenie v slove i slovosochetanii [Lexical meaning in words and phrases]*. Vladimir [in Russian].
- 19 Stepanov, Yu.S. (1997). *Konstanty. Slovar russkoi kultury. Opyt issledovaniia [Constants. Dictionary of Russian culture. Research experience]*. Moscow [in Russian].
- 20 Vorkachev, S.G. (2005). Lingvokontseptologıia i mezhekulturnaia kommunikatsiia: Istoki i tseli [Linguoconceptology and intercultural communication: Origins and goals]. *Filologicheskie nauki — Philological sciences*, 4, 76–83 [in Russian].
- 21 Neretina, S.S. (1999). Kontsept i kontseptologıia. Metafora [Koncept i konceptologıia. Metafora]. *Tropy i kontsepty — Tropes and Concepts*, 16–79. Moscow [in Russian].
- 22 Gruzberg, L.A. (2000). Kontsept kak kulturno-mentalno-yazykovoe obrazovanie [Concept as a cultural-mental-linguistic formation]. *Izmeniaiushchıisia yazykovoi mir: Materialy Mezhdunarodnoi nauchnoi konferentsii — Changing linguistic world: Proceedings of the international scientific conference*. Perm, 127–130 [in Russian].
- 23 Gympilova, S.D., & Gomboev, B.C. (2022). Kontsept «dom» v yazykovoi kartine mira mongoloıazychnykh narodov [The concept of “home” in the linguistic picture of the world of Mongol-speaking peoples]. *Mongolovedenie — Mongolian studies*, 14(4), 788–799 [in Russian]. <https://mongoloved.kigiran.com/jour/article/view/1136>
- 24 Shchelokova, L.I. Kontsept «Rodnaia zemlia» v publikatsiıakh voennykh let [The concept of “Native Land” in publications during the war years]. *Studia Litterarum — Studia Litterarum*, 7(2), 220–231. <https://doi.org/10.22455/2500-4247-2022-7-2-220-231> [in Russian].
- 25 Yakushev, A.V. (2001). *Teoriia gosudarstva i prava [Theory of State and law]*. Moscow [in Russian].
- 26 Kan, G.V., & Shajahmetov, U.V. (2007). Qazaqstan tarikhy [History of Kazakhstan]. Almaty: Almatykitap [in Kazakh].
- 27 Berdenova, K.A. (2013). Qazaqstan tarikhy [History of Kazakhstan]. Almaty: Ekonomika [in Kazakh].
- 28 Gavrilova, M.V. (2020). Eksplykatsiia kontseptı «gosudarstvo» v torzhestvennoi politicheskoi rechi [Explication of the concept “state” in a solemn political speech]. *Politicheskaiia lingvistika — Political linguistics*, 2 (80), 10–24 [in Russian].

29 Dzhambaeva, Zh.A. (2010). Kontsept «gosudarstvo» v yazykovom soznanii predstavitelei tiurkoiazыchnykh sotsiumov [The concept of “state” in the linguistic consciousness of representatives of Turkic-speaking societies]. *Molodoi uchenyi — Young scientist*, 5 (16), 21–24 [in Russian].

30 Zharkeshov, S.I. (2014). Altyn saqa [Altyn saka]. *Alash ainasy, May 19th*. Retrieved from <https://on.kz/society/altyn-saqa-50964/>. [in Kazakh].

Information about the authors

Baerbekova, Aliya Ermuratovna — Doctoral student of Kazakh Linguistic Department, Karaganda Buketov University, Kazakhstan. Corresponding author’s e-mail: baerbekova.aliya@mail.ru

Rapisheva, Zhanat Dabylovna — Candidate of philological sciences, Professor of Kazakh Linguistic Department, Karaganda Buketov University, Kazakhstan. E-mail: r_zhanat@mail.ru

Akischeva, Zhanar Saparovna — Candidate of philological sciences, Associate professor, Kazakh National Research Technical University named after K. Satpaev, Kazakhstan. E-mail: z.akischeva@satbayev.university

Kishenova, Ainur Yusupovna — Senior lecturer, Department of Russian Language and Culture, Karaganda Technical University named after Abylkas Saginov, Kazakhstan. E-mail: ainur_18.10@mail.ru